



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

IV. Юрайт - данная программа практически считается полностью автоматизированным местом работы юриста, которое на данный момент, обладая широким функционалом, является одной из самых распространенных программ в данной области.

В программе есть возможность автоматизировать процесс подачи исков, апелляций в суды, с помощью синхронизации с сайтами судебного управления, возможность создания юридического органа (от учета рабочего времени до ведения электронной переписки), возможность автоматизировать работу по договорам, ведения учета изменений о интересующих юридических лицах.

При изучение этих программ, на занятиях студентов юридических специальностей, позволит получить практические навыки для работы в будущем по данной специальности. Что сделает их более продвинутыми специалистами в своей сфере.

Список использованных источников

1. <http://www.moluch.ru/conf/ped/archive/64/2976/> (дата обращения 20.03.15г.)
2. Юнусова С. Анализ информационной деятельности юриста при решении профессиональных задач. Материалы конференции. Т., 2008, с. 66-71
3. Юнусова М.С. Значение курса «Профессионально-направленная информатика» для подготовки юристов // Высшее образование сегодня. – 2011. - №6. – с. 54-58

ӘОК 37.018.46

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Беккожина Жанаргуль Амангельдиевна,

Ракымжанова Назым Амангельдиевна

Janargyl@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің оқытушылары, Астана,
Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Бүкіләлемдік Рухани мәдениет форумында: «Кез келген халықтың рухани мәдениетінің негізін бейбітшілікке, келісімге, әділдікке ұмтылу құрайды. Көп ұлтты қазақстандық мәдениетке тән рухани бастамаларды нығайту мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Қазіргі таңда түрлі этностар мен әр түрлі дінге жататын адамдарды біріктіруге қабілетті рухани құндылықтарды бекіту тұрақты күш-жігерді, әрі түрлі елдердің діни көшбасшылары, ғалымдары, мәдениет және өнер қайраткерлері тарапынан үнемі назарды қажет етеді. Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумын өткізу қазіргі әлемнің рухани-лығын нығайтуға, мәдениеттер мен өркениеттер үн қатысуларын кеңейтуге маңызды қадам болатындығына сенімдімін», - деп атап көрсетті [1]. Рухани-адамгершілік мәдениет белгілі бір бағыттағы мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, мінез-құлық-тағы адалдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Сондықтан заманауи жоғары оқу орнының басты міндеттерінің бірі көпмәдени ортада интеллектуалды ұлттың белсенді өкілі ретінде студент жастардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Мәдениет әр түрлі құндылықтардың жиынтығы мен бірлігі ретінде адамды рухани еркіндікке алып келеді. Адамның рухани мәдениеті басқа адаммен қатынасынан, тәрбиесінен, мінез-құлқынан, іс-әрекетінен көрінеді. Адамның жоғары адамгершілік сапасы – руханилықтың негізі. Педагогикалық әдебиеттерде «руханилық - адамның ойынан, сөзінен, әрекетінен көрініс табатын оның санасының күйі», – деп түсіндіріледі. Ол адамның рухани мәдениеттің сан алуан түрлерін: философия, дін, пәндер циклдерінен алған білімдерін меңгеру деңгейін анықтайды [2]. А.Лихановтың пікірінше, «...халықтың рухани бірлігі мен оларды біріктіретін құндылықтар – бұл саяси және экономикалық тұрақтылық сияқты дамудың маңызды факторы. Қоғам адамгершілік

бағдарлар жүйесі бар болғанда ғана ұлттық міндеттерді шеше алады» [3].

Жаңа қоғам айналасында жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында жан-жақты өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны белгілі. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне білім негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүние жүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе белгілі бір нәтежиге қол жеткізу үшін, педагог-жаттықтырушы – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік–экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез бейімделгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз мамандығының шеңберінде қалып қойған педагог-жаттықтырушы білімгерге білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – білімгерді білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Мұндай жағдайларда болашақ педагог-жаттықтырушының үлкен біліктілігі қажет. Қазіргі заман талабына сай спортшы мамандар дайындау үшін ойы терең, ғылыми-әдістемелік біліммен терең сусындаған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер педагог-жаттықтырушы қажет. [4]

Педагогтардың келесі инвариантты құзырлылықтарын бөліп көрсетуге болады:

- ақпараттық (оған біздің пікірімізше бағдарламалық және трансляциялық құзырлар енеді, Т.В. Добудькода бұл жеке құзырлылықтар, сондай-ақ, оған ақпаратты білімге айналдыру, ақпаратты талдауға және жалпылауға, жүйелеуге байланысты аналитикалық іс-әрекетті сиыстыруға болады);

- модельдеуші (әмбебап зерттеушілік, түсіну мен логикалық ойлауды дамытушы ретінде);

- бақылау-бағалаушылық, гностикалық (сапалық және сандық бағалар, өзін-өзі бағалау);

- жию (басқарушылық, ұйымдастырушылық, құрастырушылық интеграциясы ретінде);

- мәдени-бағалаушылық (білім берудегі азаматтық принципті іске асыруға бағытталған мәдениет үлгілерін меңгеру ретіндегі көзқарас);

- коммуникативтік (ашық білім беру кеңістігінде, саяси-мәдени қоғам өмірінде, толеранттықта өзін-өзі оқыту, әлеуметтендіру қабілеті); [5].

Педагогтарды ақпараттандыру жағдайында құзырлылық тәсілге бағытталған дайындау тұрғысынан оның кәсіптік іс-әрекетінің коммуникативтік, ұйымдастырушылық, жобалаушылық, гностикалық және құрастырушылық құрамдарының талдануы айтарлықтай ие.

Осы жоғарыда айтылып кеткен құзыреттіліктерінің көмегімен білім алушыларға жоғары сапалы білім беруге көмектеседі. Білім беру сапасы жоғары болу үшін біз келесі компьютерлік технологияларға және ақпараттық технологияларға тоқталып кетейік:

Мультимедиялық технолоиялар — бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Мультимедия құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып, тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын аппараттық және программалық -құралдардың біріктірілген кешендерін айтады.

Презентациялық технологиялар. Бұл технология, бір жағынан , оқушыларға жаңа материалдарды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін

(презентациялық сүйемелдеу жұмысын алдын ала мұғалім немесе басқа біреу дайындағанда) қысқартады, ең бастысы — мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға дағдыландырады. Осыған қоса, оқу орнында жергілікті компьютерлік желісі болуы және бұл желінің Интернет жүйесіне қосылуы мұғалімдердің жаңа технологияны игеруге үлкен мүмкіндік жасар еді.

Дистанциялық оқыту технологиясы — ақпараттық коммуникациялық технологиялық құралдар (компьютерлер, телекоммуникациялар, мультимедия құралдары) және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Бүгінгі таңда осы технология жетілген елдерде өте кең тараған. Дистанциялық оқытудың артықшылықтары:

а) компьютерлік телекоммуникациялар оқу материалдарын тыңдаушыларға жылдам жеткізеді;

ә) ақпараттық коммуникациялық технологиялардың барлық қуатын оқытуға да, әрі оқушылармен кері байланыс жасауға да пайдалануға болады.

Бұл технология біздің елімізде әлі кең тарала қойған жоқ, өйткені толыққанды дистанциялық оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс.

Жаңа ақпараттық технология шеңберінде компьютерлер негізгі үш бағытта пайдаланылады:

- Адамды мезі ететін есептеу жұмыстарын орындауға мүмкіндік беретін жеке құрал ретінде;

- Проблемалы салаларда зерттеулерді жүргізу үшін құралдармен толықтырылған автоматтандырылған дербес жұмыс ретінде;

- Білімді бекітуге арналған автоматтандырылған кешен немесе жаттықтырушы ретінде қолданылады.

Жаңа ақпараттық технологияны сабақтарда пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктерін қорытындылай келе, компьютерлік технологияны пайдаланудың әр жақты екендігіне көз жеткізуге болады. Сонымен, компьютерлік технологияны сабақтарда пайдаланудың үш негізгі түрі бар:

- Ақпараттық технологияны сабақтарда үздіксіз пайдалану.
- Ақпараттық технологияны оқушылардың сабақтан тыс өзіндік жұмыстарды орындау барысында пайдалану.

- Ақпараттық технологияны танымдық қабілетін дамытуға пайдалану. (дамытушылық ойындар, электрондық энциклопедия т.б).

Оқыту барысында ақпараттық технологияның бір ғана бағытымен жұмыс істеу барлық бағыттарды кешенді түрде пайдаланумен саластырғанда төменгі нәтиже береді. Компьютерді пайдалану оқушылардың терең танып білуіне ғана емес сондай-ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру- уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Жаңа ақпараттық технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Бүкіләлемдік Рухани мәдениет форумы. – 2011 ж. – 17 қазан.

2. Большая советская энциклопедия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://bse.sci-lib.com/article_091960.html

3. Лиханов А.А. Собрание сочинений в 6-ти томах. – М.: Терра, 2000

4. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі. Қазақстан мектебі №6 - 2006ж.

5. “Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру”. Ғаламтор желісі.